

Б.А. Жамелов\*, Х.М. Тұрсұн, К.К. Раджабов<sup>3\*</sup>

<sup>1</sup>Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан  
<sup>2</sup>Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институты, Ташкент, Өзбекстан  
(E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru; tursunhazret@mail.ru; kahramon-62@mail.ru)

## Қазақ АКСР-ның құрылуы — республиканың тұтастығын қалыптастырудағы алғашқы қадамдар

Мақалада ХХ ғасырдың 20-жылдары жаңадан құрылған Қазақ АКСР-і төңірегіне қазақтың тарихи жерлерін жинау мақсатында Ақмола мен Семей облыстарының қосылуы барысындағы күрделі тарихи оқиғалар талданған. ХVIII ғасырдың ортасынан патша үкіметі қазақ жеріне қызығушылық танытып, қазақ жерлерін отаршылдық басып алу саясатын белсенді жүргізе бастады. Қазақ жерлерін қосып алумен қатар, біртіндеп Ақмола мен Семей өңірлеріне қоныстандыру саясатын жүргізді. Қоныстандыру қозғалысы әсіресе ХІХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап қарқынды өтіп, қазақ жерінің солтүстігі мен шығысындағы байырғы қазақ атаулары орысша атауларға өзгертіле бастады. Мәселен тарихи тұрғыда қарайтын болсақ, Омбы уезі толықтай қазақ мемлекетіне кіруі әділетті болар еді, дегенмен баяғы отаршылдық қоныс аудару саясаты кезінде патша үкіметі бұл өңірдің солтүстік бөлігінде орыстардың үлес санының артуына себепкер болған. Патша үкіметінің бұл саясатының зардабы ХХ ғасырдың 20 жылдары қазақ жерлерін қазақ автономиясының төңірегіне біріктіру кезінде өзінің кедергісін тигізді. Кеңестік-большевиктік билік шекараны межелеу кезінде өңірде тұратын халықтың басымдығын басты негізге алып, Омбы жерінің тек оңтүстік бөлігінің ғана қазақ жеріне өтуіне себепкер болды. Бұл істі жүргізуде қазақ автономиясы мен Сібір революциялық үкіметі арасында болған көптеген келіспеушіліктер мен айтыс-тартыстардың түпкі қорытындысы аталған облыстардың аумақтары қазақ мемлекеттілігіне қосылуы қазақ зиялыларының тарихи тұрғыдағы ірі жеңісі болды. Қазақ халқы өзінің тарихи аумақтарының өзіне тиесілі екендігін дәлелдеп, өзіне қайтарды. Мақалада Ақмола және Семей облыстары Сібір ревкомынан алынып Қазақ АКСР-іне берілу жолдары қарастырылған. Бұл ретте жердің тарихи экономикалық және саяси тұрғыда қазақтарға тиесілі екендігін дәлелдеп шыққан қазақ қайраткерлерінің еңбектері анықталды. Қазақ жерінің біртұтастығын қалыптастырудағы алғышарттар жинақтала отырылып сараланып, әрі салыстырыла келе, талқылау нәтижелері келтірілген.

*Кілт сөздер:* облыс, шекара, мемлекет, ұлттық-территориялық межелеу, ұлт зиялылары, большевиктік билік, федерация, ұлттардың өзін-өзі билеуі, сибревком, уезд, декрет.

### Кіріспе

1917 жылы Ресейде билікке келген большевиктер бұрынғы отар аймақтардағы ұлттардың қолдауына ие болып өз билігін нығайту мақсатында ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын растайтын 1917 жылы 2 қарашада қабылданған «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» деп аталатын декретті жариялағаны белгілі. Бұл декрет Ресейдің Шығыс бөлігіндегі барлық мұсылман еңбекшілеріне деген үндеу болды. Құжатта Ресейді мекендеген халықтардың теңдігі, олардың өздерінің мемлекеттік құрылысын өздері шешуге құқылы екендігі айтылып, ұлттық және этностық топтардың еркін дамуына, бұрынғы езілген ұлттардың өздерін-өздері билейтіндігіне кепілдік беріледі делінді. Көп ұзамай қазақ жерінде кеңестік үлгідегі Қазақ АКСР атты формальды түрдегі, бірақ шын мәнінде большевиктерге толық тәуелді кеңестік үлгідегі өзін-өзі басқару нысанындағы мемлекеттік құрылым қалыптасты. Автономия төңірегіне шоғырланған қазақ қайраткерлерінің осы кездегі басты мақсаты байырғы қазақ жерлерін қазақ автономиясының төңірегіне топтастыру болатын. Ақмола мен Семей облыстарының Қазақ автономиясы мен Сібір ревкомы арасындағы ұзаққа созылған тартыстардан кейін тарихи әділеттілік орнап қазақ мемлекетінің аумағына қосылуы қазақ халқының үлкен тарихи жеңісі болды. Қазақ жерлерін Қазақ автономиясының құрамына топтастыру бұнымен тоқтап қалған жоқ, келесі тарихи кезеңдерде одан әрі жалғасты.

### Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланың ғылыми-әдістемелік негізі ретінде осы тақырып бойынша алдыңғы жылдардағы шыққан еңбектер қолданылды. Қазақ АКСР-інің құрылуы мен қазақ жерлерінің автономия құрамына

\*Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: zhamelov.baglan@bk.ru

топтастыру мәселесімен шұғылданған зерттеушілердің еңбектерін қарастыру барысында және оларды сараптап, талдау жасау кезінде: тарихи-объективтік, логикалық, жүйелілік, салыстырмалы талдау т.б. әдістері пайдаланыла отырып, тарихи-объективтік принципі негізінде орындалды.

### *Нәтижелер және оларды талқылау*

1920 жылдары кеңес федерализмі большевиктердің ұлт саясаты аясында қалыптасты және автономиялар үшін, атап айтқанда, шарттық көзқарасты қабылдамады. Іс жүзінде РСФСР мен КСРО біртұтас көп мәдениетті қоғам ретінде этникалық топтарды модернизациялаудың әртүрлі тетіктері мен мүмкіндіктері бар федералды форма мен унитарлық мазмұнның симбиозына айналды. РСФСР ұлттық-мемлекеттік республикаларының қалыптасу процесі қазіргі зерттеулерде әртүрлі мысалдармен қарастырылады. Соған қарамастан, автономиялардың кеңестік федералды жүйенің құрылымдық элементтері ретінде қалыптасуын егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігі сақталуда. Мұндай зерттеу РСФСР мен КСРО-дағы ұлттық-мемлекеттік құрылыстың механизмін ашуға, Орталық Азия елдеріндегі ұлттық-мемлекеттік межелеу үдерістерінің ерекшеліктерін қарастыруға, терең әлеуметтік өзгерістер жағдайында ұлттық интеллигенция мен биліктің өзара байланысын анықтауға және бақылауға мүмкіндік береді [1: 105].

Қазақ АКСР-і (1920 жылдан 1925 жылға дейін *Қырғыз* деп аталған) БОАК және ХКК 1920 жылдың 26 тамызында қабылданған «Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» қаулысы бойынша құрылды. Қазақ халқына автономия беру қажеттілігі сол кездегі бірқатар саяси факторларға байланысты болды. Азаматтық соғыс және Ақпан төңкерісінен кейін бұрынғы Ресей империясының аумағында демократиялық үдерістердің таралуы нәтижесінде ұлт аймақтарында өзін-өзі басқару құқығын иеленуге деген ұмтылыс барысындағы саяси қозғалыстардың көтерілуі жағдайында большевиктер Ресейді мекен еткен бұрынғы отар аймақтардағы халықтарға кеңестік-большевиктік үлгідегі шектеулі егемендік беруге мәжбүр болды, бұның нәтижесінде кеңес өкіметі бұрынғы Ресей империясының көптеген халықтары арасында берік қолдауға ие болды.

Қазақ АКСР-нің шектес Сібір аумақтарымен шекараларын анықтау кезінде есепке көптеген аспектілер алынды, олардың арасында экономикалық және географиялық факторларды, шекаралық жерлерде тұрған халықтың еркін, сондай-ақ ұлттық-саяси аспектілерді бөліп көрсету қажет [2].

Бұл ретте Қазақ автономиялық республикасын қалыптастыруда және шекараларды белгілеу үдерісінде кеңес үкіметінің дала халқын біріктіруге бағытталған ұлттық саясаты маңызды рөл атқарды. 1920-шы жылдардың бірінші жартысында Қазақ АКСР шекарасын қалыптастырудың бастапқы кезеңінде ұлттық-саяси аспект ерекше айқын көрінді, ұлттық-саяси дәлелдер барлық билік деңгейлерінде маңызды дәлелдер ретінде пайдаланылды, әсіресе жергілікті жерлерде айқын көрінді. Соның ішінде ұлттық дәлел болыстық билік органдарының өтініштерінде, сондай-ақ жекелеген ауылдардың азаматтарының жиналыстарында немесе жекелеген адамдардың өтініштерінде белсенді қолданылды.

Әрине, ұлттық фактор халықтардың өзін-өзі анықтау құқығы туралы большевиктік ұраннан шыққан кеңес мемлекетін құрудың негізгі элементтерінің бірі болды. Алайда, ұлттық мәселелер таптық көзқарас басым болған коммунистік идеологияға сәйкес шешілді деп айту керек. Большевиктер ұлттарға өзін-өзі басқару құқығын қалыптастыру барысында империяның құрамында болған Ресейдегі өзге ұлттарды бірінші кезекте Мәскеудің темір шеңгелінен шығарып алмауды, оларға тым көп тәуелсіздік бермеуді, қуыршақ, кеңестік үлгідегі тар шеңбердегі Мәскеуге жалтақтаған басқару құқығын беруді мақсат еткендігі белгілі [3; 151].

Қазақ даласының аумағында автономиялық республика құруға дайындық жөніндегі орталықтың жұмыс процесінде, тілалғыш, әлсіз кеңестік үлгідегі мемлекеттік бірлестік құру сөзсіз басты фактор болды. Болашақ қазақ автономиясының аумағын анықтау көшпелі қазақтардың өкілдері тұрған жерлерді жинау шарттарымен байланысты және автономиялық республиканың шекарасын белгілеудегі маңызды кезең болды. Біртұтас ұлттық құрылым құрамында қазақ халқының бірігуіне құрылатын автономиялық республиканың болашақ шекаралары төңірегінде ұзақ кеңестер, талқылаулар мен даулар себеп болды.

Қазақ АКСР-ін құру жұмыстары барысында, аймақтың автономиясының қалыптасуымен оның құзыретінің географиялық шектерін анықтау қажет болды. Біріншіден, қазақтар мекендейтін едәуір аумақтар әртүрлі әкімшілік құрылымдарға кірді. Екіншіден, Қазревкомның өзінде бұл мәселе бойынша ортақ пікір болған жоқ: бір топ Омбы облысының, Орта Азияның көп бөлігінің, Алтай өлкесінің Барнаул уезінің және Сібір ревкомына қарасты қазақтар қоныстанған аумақтарды т.б. байырғы қазақ жерлерінің толық болашақта құрылатын қазақ автономиясына қосылуын жақтаса, екінші топ

Қазақстанға Ақмола, Семей, Орал облыстарының қосылуына қарсы болды. Осы екінші топты Сібір ревкомының өкілдері өз мүддесіне сай болғандықтан барынша қолдау көрсетті [4].

1920 жылы Қазревкомда құрылған «Қырғыз өлкесінің шекаралары» анықтамасында қазақ жерлерінің үлкен аумаққа шоғырлануы нәтижесінде толық мемлекеттік бірлестікті ұйымдастыру қиынға соғатынын, сондай-ақ ұлттық кадрлардың болмауына және орыс халқы шоғырланған аумақтар арасында ықтимал толқуларға қатысты аландаушылық болды. Өз кезегінде, Сиббюро мен Сибревком қызметкерлері «Қазақстанның шекаралары туралы» құжат әзірледі, онда тек ұлттық қағидаттарға сүйене отырып, негізінен орыстар тұратын Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарын Қазақ автономиясының құрамына қосу мүмкіндігі жоққа шығарылды. Олар көшпелі өмір сүретін қазақтар мен отырықшы салтты ұстанатын капиталистік укладтарға бейім орыстардың өмір сүруі экономикалық тұрғыда қарма-қайшы-деген ұстанымды дәлелдеуге тырысты. Алайда, олардың ешқайсысы осы аудандардағы орыстар мен қазақтар санының мұндай арақатынасы патша үкіметінің орыс-қазақтарды көшіру жөніндегі 100 жыл бойы жалғасқан белсенді қоныстандыру саясатының жемісі екендігіне назар аудармады.

1920 жылдың 16 мамырында Қазревком «Даулы уездерді басқару туралы» Уақытша ережені бекітті, онда Қазақстан аумағын анықтаудың негізіне ұлттық қағидаттар ғана емес, сонымен қатар экономикалық мақсаттар да қарастырылды. Қазревком Семей, Петропавл, Көкшетау, Қостанай және басқа да уездердің Қазақстаннан тыс жерлерге кетуіне үзілді-кесілді қарсылық білдірді, өйткені олардың мәдени және экономикалық маңызы, сондай-ақ осы уездердің өздері кіретін облыстардың басқа уездерімен өзара тәуелділігі соншалықты үлкен, сондықтан олардың бөлек өмір сүруі мүмкін емес.

Аумақтық дауларға байланысты мәселелер 1920 жылғы тамызда Қазақстанның Түрік комиссиясы мен мүдделі губерниялар өкілдерінің қатысуымен өткен кеңесте тағы да талқыланды. Кеңеске қатысушылардың барлығы Қазақ автономиялық республикасын құруға уақыт келді, онда барлық қазақ жерлері біріктірілуі тиіс деді. Қазақ жерін Киркрайға беру мерзімі ғана дау тудырды. Бір топ Қазақ автономиясын жариялаумен (Цюрупа, Пестковский, Жангелдин, Ермаков, Байтұрсынов және басқалары) осы облыстар мен аудандар Киркрайға көшуін талап етті. Екінші топ қазақ облыстары мен аудандарының Қазақ автономиялық республикасына жататындығы туралы декретке қосуға да қарсы болмай, әзірше «басқарудың қалыптасқан әкімшілік бейнесін» сақтап қалуға ұсынды. Бұл шешімнің мотивациясы келесідей болды: қырғыздарға кең аумақты басқаруға қажетті аппаратты құру үшін жеткілікті білім мен ұйымдастырушылық дағдыларды алуға мүмкіндік беру керек және «бұл аймақтарды Қазақстанға қосу қырғыз кедейлерін жұдырыққа жеуге ұсынуды білдіреді» деген жалған үрей мен қорқынышты үдетуге тырысты.

Қазақстанда Кеңес автономиясын құру бойынша белсенді жұмыс 1920 жылдың жазында басталды, РСФСР астанасы Мәскеу қаласында 9–10 тамыз аралығында болашақ Қазақ республикасының шекаралары туралы мәселе бойынша барлық мүдделі тараптардың қатысуымен кеңейтілген кеңес өтті. Кеңесте қазақ даласының өкілдері болашақ республиканың шекараларында қазақтар тұратын барлық аумақтарды біріктіруді ұсынды. Бұл ұсыныс көшпенділердің көшпелі өмір салты жағдайында экономикалық және саяси факторлармен және тарихи тұрғыда қазақ жерлерін жинау қажеттілігіне негізделген болатын. Сонымен қатар, Сібірдің өкілдері қазақтардың дәлелдерімен келісе отырып, Ақмола және Семей облыстарының Сібірден бөлінуі жағдайында автономия шекарасында орыс халқының көп санын шоғырландыруда болған жағымсыз жақтарды атап өтті [5].

Кеңес қорытындысы бойынша Қазақ автономиясын құру туралы шешім қабылданды, оның құрамына барлық аумақтар, оның ішінде қазақ халқы тұрған даулы аумақтар да енгізілді. Бұл ретте Ақмола және Семей облыстары белгісіз уақытқа Сібір құрамында қалды, өйткені делегаттардың пікірінше, қазақ тарапы сол кезеңде осындай ауқымды солтүстік аумақтарды тиімді басқара алмайды. Сонымен қатар Сібір революциялық комитеті жанынан Ақмола және Семей жерлерін басқару үшін Қазақ АССР өкілдігі құрылды [6].

РСФСР — де Қазақ автономиясының пайда болуымен республика шекарасын белгілеудің ұзақ процесі басталды. Жас республика билігінің бірінші кезектегі міндеті Ақмола және Семей облыстарының аумақтарын Қазақстанның құрамына енгізу қажеттілігі болды. Қазақ халқы өмір сүрген барлық аумақтарды біріктіру ұстанымын ұстана отырып, автономия билігі Ақмола және Семей облыстарының бүкіл аумағын қосуды талап етті.

1919 жылдың 27 тамызында Ақмола облысының бөліктерінен Тобыл губерниясының 3 уезінің қосылуымен Омбы губерниясы құрылды. Соңғысының құрамына Қазақ АКСР-імен келісім орнатылғанға дейін бұрынғы Ақмола облысының: Омбы, Көкшетау, Петропавл, сондай-ақ, Ақмола және Ат-

басар уездері енгізілді. Сонымен бірге Семей облысының аумағына (1920 ж. желтоқсаннан бастап губерния) Сибревком өтініш білдірмеді және ол Қазақ АССР-іне даусыз көшуге жатады [7; 115].

1920 жылы 26 тамызда Ленин мен Калининнің қолымен БОАК мен РСФСР ХКК Қырғыз (Қазақ) АССР құру туралы Декретінің жарық көруімен Қазақ автономиясы құрылғанындығын жоғарыда атап өттік. Декретте қазақ республикасының географиялық шектері анықталды [8; 186].

Декрет Сібір ревкомына жергілікті басқару органдарын ұйымдастыруға және тез арада Қазақ АКСР-нің қарауына беруге ықпал етуді міндеттеді. Сибревком мен Кирциктің солтүстік және солтүстік-шығыс облыстарға қатысты қызметін келісу және ҚАССР бүкіл аумағын басқаруды мүмкіндігінше тезірек біріктіру үшін барлық қажетті іс-шараларды өткізу мақсатында Сибревком жанынан Қазақ Автономиялық Республикасының Өкілетті өкілдігі құрылды. Кирциктің шешімі бойынша Ғалиасқар Әлібеков, ал оның орынбасары Әділов Сибревкомдағы өкіл болып тағайындалды. Бұл өкілдіктің Сібірде болған Ақмола және Семей облыстарын басқаруға қатысты кең мүмкіндіктері болды. Сібір комитеті жанындағы қазақ уәкілдері де даулы аумақтарды Сібірден Қазақстанға дайындауға және іс жүзінде беруге белсенді қатысты.

Сибревком жанындағы Қазақ АКСР өкілдігінің міндетіне мыналар кірді:

1) Қазақ АКСР, ОАК және Кирсовнарком кеңестерінің Бірінші съезінің қаулысында Сибревкомның құрамында уақытша қалған қазақ жерлерін Қазақ АКСР аумағына өтуін қадағалау.

2) КирЦИК, Кирсовнарком және Кирнарком директиваларына сәйкес Семей және Ақмола губернияларын басқару үшін мекеме ұйымдастыру.

3) Осы губернияларды басқаруға қатысты барлық мәселелерді шешуге қатысу және Сибревкоммен келісім бойынша Ақмола губерниясының Омбы уезі бойынша шекарасын белгілеу.

4) Сибревкомға ол жүзеге асыратын қаржы және шаруашылық саясатының іс-шараларына жәрдемдесу.

5) КСРО мен Сибревком арасында туындайтын барлық мәселелер бойынша өкілдік.

1921 ж. 16 ақпанда Қазақ АКСР ОАК жанынан Семей мен Ақмола облысының бір бөлігін Сібір құрамынан қабылдау жөніндегі комиссиясы құрылды. Аталған комиссия 1921 жылдың көктемінде жұмыс істеп, аталған аумақтардың Қазақ Республикасының құрамына өтуін заңды түрде рәсімдеді [9; 116].

Қазақ Республикасы автономиялық комиссариаттарының қарауындағы мәселелер бойынша ҚАССР өкілдігі мен Сибревком арасында туындайтын келіспеушіліктер, егер олар бойынша келісімге қол жеткізілмесе, РСФСР Орталық мекемелерінің рұқсатына берілуі тиіс еді. Сондай-ақ, Қазақстан өкілінің келісімісіз Семей және Ақмола губернияларынан қызметкерлерді ауыстыруға тыйым салынды. Сибревком мен ҚАССР Халық комиссариаттары арасындағы байланыс тек осы өкілдік арқылы жүзеге асырылуы керек еді. Қазақ Республикасының өкілі аталған облыстардағы барлық жұмысын Сибревком аппараттары арқылы келісіп, жүргізді.

1921 жылғы 25 сәуірде аралас комиссия қаулы қабылдады, оған сәйкес Петропавл, Көкшетау, Ақмола және Атбасар уездерінен Ақмола губерниясы құрылды. Ал 1921 жылдың 10 мамырдағы Сібір ревкомының Жарлығына сәйкес, даулы Омбы уезін қоспағанда, екі губернияның да аумағы қазақ өлкесіне біржолата көшірілді [10; 128].

Ақмола және Семей облыстарының Қазақстан құрамына кіруі көбінесе ұлттық тарихи негіздерге байланысты болды. Тарихи тұрғыда ежелден қазақ халқы қоныстанған бұл жерлерге орыстардың келе бастауы тек XVIII ғасырдағы патша үкіметінің отаршылдық саясатының нәтижесінде орын алды. Екі ғасырға жуық уақыт аралығында Ресей империясы жүргізген қоныстандыру саясатының салдары бұл өлкелерде орыс қоныстарының көбеюіне әкелді. 1897 жылы Ресей империясы жүргізген халық санағы бойынша қазақ жерінде жалпы қазақтардың үлесі 3 392,7 мың адам немесе 81,7 %; құраса, 1917 жылғы санақ бойынша 58 %-ға түскен. 1897 жылғы санақ бойынша қазақтардың облыстардағы үлес салмағы: Семейде — 90,6 %, Торғайда — 88,3 %, Оралда — 71,3 %, Ақмолада — 62,6 %, Сырдария — 60,4 %, Жетісуда — 52,1 %. Орыстар Ақмола (25,5 %) мен Орал (25 %) облыстарында көбірек болды. Осы статистиканы қарасақ қазақ халқының өз жерінде біртіндеп азая бастауы патша үкіметінің қоныстандыру қозғалысының әсерінен болғандығын білуге болады. Тарихи атауларды орыс аттарымен өзгертуге әрекеттену, орыстарды көптеп қоныстандыру патша үкіметінің отаршылдық және аймақты орыстандыру саясатында жүргізген басты әдістері болатын.

Мемлекеттік аппаратты бекіту үшін ҚАКСР-ге уақыт керек болды. Осы мәселе 1920 жылғы 10 желтоқсанда Қырғыз өлкесі РКП(б) облыстық бюросының отырысында көтерілді. Бұл жерде облыстық бюро мен Қазақ ОАК атынан Сиббюроға өкілдікке жіберілген Кулаковтың баяндамасы тыңдал-

ған. Ол екі облысты беру бойынша мәселенің әлі шешілмегендігін хабарлап, осы облыстардағы қазақтар арасындағы партия мен кеңес жұмысының әлсіздігіне нұсқап, осы облыстардың Қазақстан құрамына өтуінің жөнделігіне күмән келтіреді, өйткені «Алға қойылған тапсырмаларды Қырғыз өлкесі орындай алмайды, себебі бұл губернияларда оны орындайтын жұмысшылар жоқ» дегенді алға тартты.

Биліктің орталық органдары бұл облыстарды Қырғыз өлкесі құрамына біртіндеп енгізу қажеттілігін мойындап, сонымен бір мезгілде кадрлық қолдау көрсетіп, облбюроның қарамағына орталықтан жаңа қызметшілер жіберіп, оны нығайтып отырды. Сибревкомның басшылығы Мәскеудің шешімін қолдады, бірақ басшылықтың бір бөлігі Сібірдің бір бөлігінің Қазақстанға берілу процесін болдырмауға барын салып, жанталасты. Сибревком басшылығы Мәскеудің шешімін мойындағанымен, басшылықтың бір бөлігі Сібірдің бір бөлігінің Қазақстанға берілуін болдырмауға тырысып, жанталасты. Олар екі облыстың тұрғындарын Қырғыз өлкесіне қарсы қоюға тырысып, басқару аппаратының жұмысын әлсірету үшін жауапты қызметкерлерді кейін шақырып алады. Бұған жауап ретінде Қырғыз өлкесінің басшылығы Сибревкомға қызметшілерді алудың ретсіздігі туралы мәлімдеп, оларды кері қайтаруды ұсынады.

Сібір ревкомы жанындағы аралас комиссияның 1921 жылғы 7 сәуірдегі қаулысымен Қазақ Автономиялық Республикасына Алтай губерниясының құрамынан Бұқтырма уезі берілді.

Осы тұста тарихқа шолу жасап өткен дұрыс болмақ. XIX ғасырдың аяғында Томск губерниясының Змеиногорск уезінде әкімшілік түрде бірнеше ондаған шаруа ауылдары болды. Отарлық аппарат өкілдерінің өздері атап өткендей, шекаралар аймақтың зерттелмеген табиғи-тарихи және экономикалық жағдайларына байланысты емес, орыс билігінің қырғыз даласына терең енуімен байланысты басқа себептерге сай жүргізілді. Олар Змеиногорск уезінің солтүстік бөлігін қоспағанда, Семей облысымен барлық байланысы бар екенін және оның «Томск губерниясының» бөлігі ретіндегі орнының толығымен жасанды екенін мойындады. 1904 жылы-ақ шаруа басшылары Змеиногор уездік съезінен Том губернаторына Бұқтырма өлкесінің 5 болысын Том губерниясының Змеиногор уезінен Семей облысының Өскемен уезіне қосу туралы өтінішхат жасайды. Олардың өтінішхаты мынадай ой-пікірлерге негізделеді: 1. «Бұқтырма өлкесі (Бұқтырма, Зырян, Жоғарғы Бұқтырма, Николаев және Черновинск болыстары) Змеиногорсктан Алтайдың таулы жоталарымен және 80 шақырым аралық жермен бөлініп, тым алшақ орналасқан, ал географиялық жағдайы бойынша Өскемен уезіне жақын орналасқан. 2. Бұл өлкенің шет орналасуына байланысты онымен қатынау өте қиын». Бірақ ол кезде бұл сұрақ оң шешімін таппады. Қазақ Республикасы құрылған кезде осы сұрақ қайтадан көтеріліп, өңір тұрғындарының мүддесіне шешіледі. Р.К. Айдарбаеваның ойынша, осы келтірілген факт Ертістің оң жақ жағалауы аумағының ҚАКСР-і құрамына қосылуының заңдылығын тағы да бір рет сендіре дәлелдейді [11; 130].

1921 жылғы мамырда Семей облысы Сибревком бағынысынан алынып ҚАКСР-ге беріледі. Осы жылы ҚАОАК декретімен бұрын қазақтарға тиесілі болған, Ертіс бойындағы 10 шақырым жер қазақ халқына қайтарылады. Осындай межелеу нәтижесінде 1 млн текше шақырымға тең, 2,5 млн тұрғыны бар территория Сибревком билігінен кетеді, бұл Сибревком бағынысындағы барлық аумақта тұрып жатқан халықтың 25 %-ын құрайды. Осы территорияларды Қазақстанға беру Сібірмен шекара туралы барлық сұрақтарды шешеді. Олар келесі кезеңдерде де түрлі деңгейде бірнеше рет қарастырылды.

1924 жылы БОАК мен РСФСР ХКК-нің 1923 жылғы 8 қазандағы шешімі негізінде Алтай губерниясының Коростелев даласы ҚАКСР-не берілді. Семей губерниясының құрамына Алтай губерниясының Рубцовск (Змеиногорск) уезінің қоныстары қосылды. ҚАКСР ОАК-і биліктің жергілікті органдарын Коростелев даласында тұратын қазақтарды жылдам қоныстандыруға міндеттеді.

Сібір ревкомының 1920 жылғы 27 қарашадағы өкімі бойынша комиссия құрылды, оған екі мүдделі тараптардың өкілдері кірді және оған Омбы уезінің шекарасын анықтау міндеті жүктелді. Сібірліктер бастапқыда Алабота, Теке және Үлкен Қарой шатқалдарының шекарасында даулы аумақты екіге бөлуді ұсынды, 1921 жылғы 4 қаңтардағы екіжақты комиссияның бірінші отырысында демаркациялаудың осы ымыралы нұсқасын ұсына отырып, болашақта дәл осы жоба БОАК қорытынды шешімі үшін негіз бола алады, – деп есептеді [12; 142].

1921 жылғы 8 ақпандағы кенесте ұсынылған жоба қазақ тарапының жауапты іс-қимылдарына айналды, онда қазақ делегаттары даулы уездің бүкіл аумағын автономия құрамына енгізуді талап етті, бұл шешімді Қазақстан үшін бүкіл уездің саяси, сондай-ақ экономикалық тұрғыдағы зор мәнімен байланыстырды. Қазақ тарапының пікірі бойынша, Столыпиннің аграрлық қоныс аудару саясаты кезеңінде Омбы уезіне қоныс аударған орыс шаруаларымен ықпалымен қазақ аумағының едәуір бөлігі

көшпелі болуды тоқтатты және барған сайын отырықшы күйге өтіп, таза мал шаруашылығын жер шаруашылығымен алмастырды. Сонымен бірге Омбы уезінің оңтүстік бөлігі егістік үшін қолайсыз топырақ аймағында болды, ал солтүстік бөлігінде егуге қолайлы топырақ, орман жамылғысы және тұщы су көздері бар қаратопырақты болды, соның арқасында уездің оңтүстік бөлігі мал шаруашылығымен, ал солтүстігі егіншілікпен айналысты, ал осы бөліктердің арасында қалыптасқан күшті тарихи байланысты ажырату дұрыс емес. Солтүстіктегі отырықшы қазақтар мен уездің оңтүстігіндегі көшпелі қазақтардың арасында тарихи-мәдени және шаруашылық байланыстарды сақтап қалу маңызды. Қазақ өкіметі жергілікті шаруашылықтың мүдделерін негізге алып, жаңа шекара орналғанда орнықсыз шаруашылықтардың өміріне орны толмас зиян келтіруге болмайды деп талап етті, сондықтан Қазақ АССР-нің қарамағында оның мұқтажына саяси және экономикалық жауап беретін даулы ауданды қалдыру қажеттілігі айтылды [13; 185].

1921 жылдың 3 маусымында Қазақ ОАК және Сібір ревкомының делегаттары БОАК шешімін негізге ала отырып, Ыстықкөл мен Черлакқа қатысты аздаған өзгерістермен Омбы уезін екі бөлікке бөлу жөнінде қорытынды шешім қабылдады. Омбы уезі мүдделі тараптардың келісімі бойынша екі тең бөлікке бөлінді. Сібір ревкомына қарасты Омбы губерниясының құрамында қалған территорияға 54 орыс және 6 қазақ болыстары кіруі қажет деп шешілді, себебі көрсетілген осы болыстарда негізінен орыс халқы болды. Ал қазақ тарапының басқаруына берілген Омбы уезінің оңтүстік бөлігі қазақ этносының өкілдері көп 9 орыс және 7 қазақ болыстарын қамтыды. Осылайша даулы Омбы уезін делимитациялау көбінесе ұлттық негізде, орыс тұрғындарының басым көпшілігімен және қазақтардың аз санымен Сібір аумағына, ал орыстар жинақы өмір сүрген қазақтар көп шоғырланған аумақтар Қазақстан болыстарына жатқызыла отырып жүргізілді деп сенімді түрде айтуға болады. Тарихи тұрғыда Омбы уезінің толығымен Қазақ автономиясының аумағына кіруі әділетті шешім болар еді. Патша үкіметі кезінде Омбы аймағына қарасты қазақ атаулары өзгертіліп, орысша атауларға ие болды [14; 105].

Омбы уезі ресми түрде Сібір мен Қазақ ССР-і арасында БОАК-тың 10 маусымдағы қаулысымен бөлінді. Алайда, орталықтың қорытынды қаулысына қарамастан, мүдделі тараптар арасындағы даулар жалғасты. Бұл жағдайда Омбы билігі Исилькол және Черлак болыстарын Қазақстанға беруге үзілді-кесілді қарсы болды. Бұл өз кезегінде шекара сызығын нақтылау 1922 жылдың көктеміне дейін созылды. Омбы уезінің аумағы арқылы шекараны өткізу процесінде ұлттық-саяси дәлелдер қазақ өкілдерінің өтініштері мен дәлелдемелерінде өте жақсы көрінді, сонымен бірге Сібір билігі даулы уезді демаркациялаудың экономикалық негіздемелеріне үлкен мән берді [15; 86].

1922 жылдың 16 мамырындағы шекараны түпкілікті белгілеуде Черлак болысы, Исилькол станциясы РКФСР құрамында қалдырылды. Кеңестік билік жүргізген бұл территориялық межелеу саясаты қазақ халқының мүддесі мен тілегін ескермей, біржақты өз бетінше жүргізгендігі осы тұста айқын көрінді. Исилькол нақтырақ айтқанда Есілкөл станциясының атауының топонимикалық түп-төркінінің өзі қазақ жері екендігін дәлелдейді. Қазіргі таңда Есілкөл станциясы Ресей Федерациясының Омбы облысындағы Есілкөл ауданының орталығы. Белгілі орыс картографы және топонимика саласының маманы Евгений Пospelовтың айтуынша, Исилькол сөзі қазақ тілінен аударғанда «жасыл көл» деген мағынаны білдіреді. Осы жердің байырғы тарихи тұрғындары қазақтары жердің атауын осылай атап кеткен. Тарихи тұрғыда бүкіл Омбы уезі қазақ халқы қоныстанған қазақ халқына тиесілі жер болып саналатын еді.

Большевиктер ұлттық-саяси аспектілерді республиканың қалыптасуының алғашқы жылдарында өздерінің межелеудегі негізгі саясаты деп санағанымен көп жағдайларда қазақ автономиясының шекарасын анықтау кезінде тарихи әділетсіздіктерге жол берілді. Бұл әсіресе қазақ автономиясының ұлттық — аумақтық шекарасын белгілеу процесіне қатысты болды. Қазақ басшылығының көшпелілер мекендеген шекара аумақтарының барынша мүмкін санын қосуға әрекет жасау кезінде көршілес өңірлер иелік ету құқығына дауласқан өз аумақтарын жоғалтып алмау үшін байырғы қазақ жерлерін өз аумақтарында қалдыру үшін барын салды.

### *Қорытынды*

Қазақ АКСР-ы құрылғанға дейін орталығы Омбы болған Сібір ревкомына бағынып келген бұл облыстарды сібірліктер бермеудің барлық амалдарын жасап, Қазақ Республикасына қосылуына кедергі жасап келді. 1921 жылы Ақмола және Семей облыстары Сібір ревкомынан алынып түбегейлі Қазақ АКСР-іне берілді. Аталған облыстардың межеленуі В.И. Ленин қатысқан РК(б)П ОК және БОАК-тің мәжілістерінде бірнеше рет талқыланып, қазақ халқының пайдасына шешілді. Бұл ретте

жердің тарихи экономикалық және саяси тұрғыда қазақтарға тиесілі екендігін дәлелдеп шыққан қазақ қайраткерлерінің еңбегі мол. Осылай қазақ жерінің біртұтастығын қалыптастыруда алғышарттар жасалды. Қорытындылай келе қазақ жерінің үлкен бөлігі Семей мен Ақмола облыстарының республикаға бірігуі ауыр әрі қиын, ұзаққа созылған талас-тартыспен шешілген мәселе болды.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Маймақов Ғ. Қазақ жері тұтастығының қалыптасуы (Қазақстанның аумақтық тұтастығының қалыптасуы және Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу) / Ғ. Маймақов. — Алматы, — 2005. — 205 б.
- 2 Тастекова Г.Б. Қазақ жері шекарасының қалыптасуы мен анықталуы мәселесінің теориялық проблемалары / Г.Б. Тастекова // Материалы науч.-практ. конф. «Теория и методология исторической науки», посвящ. 550-летию образования Казахского ханства (27 марта 2015 г.). — Костанай, 2015. — Б. 42–51.
- 3 Шарафуддинов З. Қазақ жерін нақтылау жұмыстары / З. Шарафуддинов // Қазақ тарихы. — 2001. — № 4. — Б.188–198.
- 4 Сапарғалиев М.С. Возникновение казахской советской государственности / М.С. Сапарғалиев. — Алматы: Наука, 1951. — 401 с.
- 5 Корженевский К.Б. Национально-политический фактор в процессе разграничения казахской автономии с сибирскими губерниями РКФСР / К.Б. Корженевский // Северный регион: наука, образование, культура. — 2020. — № 2 (46). — Б.17–25.
- 6 Корженевский К.Б. Формирование разграничительной линии между Казахстаном и Сибирью в 1920-х–начале 1930-х годов (на примере Черлакского района) / К.Б. Корженевский // Научный диалог. — 2020. — № 2. — С. 369–383.
- 7 Агдарбеков Т.А. Проблемы национально-государственного строительства в Казахстане (1920–1936) / Т.А. Агдарбеков. — Алматы, 1990. — 231 с.
- 8 Бейсембаев С. Ленин и Казахстан / С. Бейсембаев. — Алматы, 1968. — 402 с.
- 9 Бугай Н.И. Чрезвычайные органы советской власти: ревкомы 1918–1921 гг. / Н.И. Бугай. — М.: Наука, 1990. — 372 с.
- 10 Маймақов Ғ.Қ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы / Ғ.Қ. Маймақов. — Алматы, 2000. — 493 б.
- 11 Малышева М.П. Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана (1919–1922 гг.) / М.П. Малышева. — Семипалатинск, 1999. — 447 с.
- 12 Образование Казахской АССР: сб. док. и матер. — Алма-Ата, 1957. — 188 с.
- 13 Ижанов З. Қостанай уезі Челябинге қалай өтіп кете жаздады / З. Ижанов // Егемен Қазақстан. — 2002. — 24 сәуір.
- 14 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. — Алматы, 1997. — 296 б.
- 15 Жиренчин К.А. Политические развитие Казахстана в XIX–начале XX веков / К.А. Жиренчин. — Алматы, 1996. — 417 с.

Б.А. Жамелов, Х.М. Турсун, К.К. Раджабов

### Создание Казахской АССР — первые шаги в формировании целостности Республики

В статье проанализированы сложные исторические события 20-х гг. XX в., связанные с присоединением Акмолинской и Семипалатинской областей, с целью сбора казахских исторических земель вокруг вновь образованной Казахской АССР. С середины XVIII в. царская власть проявила интерес к казахской земле и начала активно проводить политику колониального захвата казахских земель. Параллельно с присоединением казахских земель начал проводить и политику расселения в Акмолинском и Семипалатинском регионах. Переселенческая политика особенно интенсивно проходила с 80-х гг. XIX в., когда коренные казахские имена на севере и востоке казахской земли стали изменяться на русские. К примеру, если посмотреть исторически, то было бы справедливо, чтобы Омский уезд полностью вошел в состав Казахского государства, хотя во время прежней колониальной политики переселения царское правительство способствовало увеличению доли русских в северной части этого региона. Последствия такой политики царского правительства привели к тому, что в 20-х гг. XX в. произошло объединение казахских земель вокруг казахской автономии. Советско-большевистская власть, взяв за основу приоритет народа, проживающего в регионе при межевании границы, привела к переходу в казахскую землю только южной части Омской земли, что стало крупным историческим триумфом казахской интеллигенции, итогом окончания многих разногласий между Казахской автономией и Сибирским революционным правительством. Казахский народ вернул эту землю себе, доказав ее принадлежность исторически. В статье рассмотрены пути вывода Акмолинской и Семипалатинской областей из состава Сибирского ревкома и передачи в состав КазАКСР. В то же время были выявлены работы казахских деятелей, которые доказывали, что земля принадлежит казахам в историческом,

экономическом и политическом плане. Обобщены и дифференцированы предпосылки формирования единства казахской земли, после сравнительного анализа представлены результаты обсуждения.

*Ключевые слова:* область, граница, государство, национально-территориальное разграничение, интеллигенция нации, большевистская власть, федерация, народное самоуправление, Сибревком, уезд, декрет.

B.A. Zhamelov, Kh.M. Tursun, K.K. Radzhabov

## The creation of the Kazakh ASSR is the first steps in the formation of the integrity of the Republic

The article analyzes the complex historical events of the 20s of the XX century associated with the annexation of Akmola and Semipalatinsk regions to collect Kazakh historical sites around the newly formed Kazakh ASSR. From the middle of the XVIII century, the tsarist government showed interest in the Kazakh land and began to actively pursue a policy of colonial seizure of Kazakh lands. In parallel with the annexation of the Kazakh lands, it gradually began to pursue a policy of settlement in the Akmola and Semipalatinsk regions. The settlement movement had been especially intense since the 80s of the XIX century when the indigenous Kazakh names in the north and east of the Kazakh land began to change into Russian. For example, historically, it would be fair for Omsk County to fully enter the Kazakh state, although, during the previous colonial policy of resettlement, the tsarist government contributed to an increase in the share of Russians in the northern part of this region. The consequences of this policy of the tsarist government led to the unification of the Kazakh lands around Kazakh autonomy in the 20s of the twentieth century. The Soviet-Bolshevik government, taking as a basis the priority of the people living in the region when surveying the border, led to the transition to the Kazakh land only of the southern part of the Omsk land, which became a major historical triumph of the Kazakh intelligentsia, the result of many disagreements and disagreements between the Kazakh autonomy and the Siberian Revolutionary government. The Kazakh people proving their belonging to historical territories returned to themselves. In the article, the path to the removal of the Akmola and Semey regions from the composition of the Siberian Revolutionary Committee and transfer to the composition of the KazASSR is considered. At the same time, the works of Kazakh figures were revealed, which proved that the land belongs to Kazakhs in historical, economic, and political terms. Generalized and differentiated prerequisites for the formation of the unity of the Kazakh land, after comparison, the results of the discussion are presented.

*Keywords:* region, border, state, national-territorial delimitation, intelligentsia of the nation, Bolshevik government, federation, people's self-government, sibrevkom, county, decree.

### References

- 1 Maimaqov, G. (2005). Qazaq zheri tutastygynyn qalyptasuy (Qazaqstannyn aumaqtyq tutastygynyn qalyptasuy zhane Orta Aziyadagy ul'tyq-memleketik mezheleu) [Formation of Kazakh territorial integrity (formation of territorial integrity of Kazakhstan and national-state demarcation in Central Asia)]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Tastekova, G.B. (2015). Qazaq zheri shekarasynyn qalyptasuy men anyqталуy masesinin teoriialyq poblemlary [Theoretical problems of the formation and determination of Kazakh land borders]. Proceedings from Theory and methodology of historical science: *Nauchno-prakticheskaiia konferentsiia (27 marta 2015 goda) — Scientific and Practical Conference devoted to 550<sup>th</sup> anniversary of the formation of the Kazakh Khanate*. (pp. 42-51). Kostonai [in Kazakh].
- 3 Sharafuddinov, Z. (2001). Qazaq zherin naqytлаu zhymystary [Work on clarifying the Kazakh land]. *Qazaq tarikhы — History of Kazakhs*, 4, 188 [in Kazakh].
- 4 Sapargaliev, M.S. (1951). Vozniknovenie kazakhskoi sovetskoi gosudarstvennosti [The emergence of the Kazakh Soviet state]. Almaty: Nauka [in Russian].
- 5 Korzhenevskii, K.B. (2020a). Natsionalno-politicheskii faktor v protsesse razgranicheniia kazakhskoi avtonomii s sibirskimi guberniiami RKFSR [National-political factor in the process of dividing the Kazakh autonomy with the Siberian provinces of the RKFSR]. *Severnyi region: nauka, obrazovanie, kultura — Northern region: science, education, culture*, 2(46) [in Russian].
- 6 Korzhenevskii, K.B. (2020b). Formirovanie razgranichitelnoi linii mezhdu Kazakhstanom i Sibiriу v 1920-kh-nachale 1930-kh godov (na primere Cherklaxskogo raiona) [The formation of a demarcation line between Kazakhstan and Siberia in the 1920s and early 1930s (on the example of Cherklak district)]. *Nauchnyi dialog — Scientific dialogue*, 2, 369 [in Russian].
- 7 Agdarbekov, T.A. (1990). Problemy natsionalno-gosudarstvennogo stroitelstva v Kazakhstane (1920–1936) [The problem of national-state construction in Kazakhstan. (1920–1936)]. Almaty [in Russian].
- 8 Beisembaev, S. (1968). Lenin i Kazakhstan [Lenin and Kazakhstan]. Almaty [in Russian].
- 9 Bugai, N.I. (1990). Cherezvychainye organy sovetskoi vlasti: revkomу 1918–1921 gg. [Extraordinary organs of the Soviet government: Revolutionary Committees 1918–1921]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 10 Maimaqov, G.Q. (2000). Qazaqstan Respublikasynyn saiasi-quqyqtyq tarikhы [Political and legal history of the Republic of Kazakhstan]. Almaty [in Kazakh].
- 11 Malysheva, M.P. (1999). Natsionalno-territorialnoe razmezhevanie Sibiri i Kazakhstana (1919–1922 gg.) [National-territorial demarcation of Siberia and Kazakhstan]. Semipalatinsk [in Russian].

12 *Образование Казахской АССР: сборник документов и материалов* (1957). [Education of the Kazakh ASSR. Collection of documentary materials]. Alma-Ata [in Russian].

13 Izhanov, Z. (2002). Qostanai uezi Cheliabige qalai otip kete zhazdady [How did Kostanay uyezd almost pass to Chelyabinsk?]. *Egemen Qazaqstan — Sovereign Kazakhstan* [in Kazakh].

14 Qoigeldiev, M. (1997) *Alash qozgalysy* [Alash movement]. Almaty [in Kazakh].

15 Zhirenchin, K.A. (1996). *Politicheskoe razvitie Kazakhstana v XIX–nachale XX vekov* [Political development of Kazakhstan in the XIX-early XX centuries]. Almaty [in Russian].

Букеетов Университеті